

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жала жапқаны және зорлық жасағаны үшін жауапкершілікті күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 22 қыркүйектегі N 898 Қаулысы

Ескерту. ҚР Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламентінен кері қайтарып алынсын - ҚР Үкіметінің 2007.04.13. N 300 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жала жапқаны және зорлық жасағаны үшін жауапкершілікті күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жала жапқаны және зорлық жасағаны үшін жауапкершілікті күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-құжат; 1998 ж., N 16, 219-құжат; N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 20, 721-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 10, 106-құжат; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 15, 137-құжат; N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139-құжат; 2005 ж., N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; N 21-22, 87-құжат; 2006 ж., N 2, 19-құжат; N 3, 22-құжат; N 5-6, 31-құжат; N 8, 45-құжат; N 12, 72-құжат; 2006 жылғы 14 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі **З а ң ы**) :

1) 129-бап мынадай мазмұндағы 2-1-бөлікпен толықтырылсын:

"2-1. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, сайлауға және референдумға дайындық пен оны өткізу кезеңінде Қазақстан Республикасының Президентігіне, Парламент пен мәслихаттар депутаттығына, әкімдерге кандидаттарға

қатысты жасалған әрекеттер - екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу немесе нақ сол мерзімге бас бостандығын айыру арқылы жазаланады.";

2) 130-баптың екінші бөлігі "не бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ парақшаларда, плакаттарда, суреттерде немесе басқа да бейнелерде және адамдардың шектелмеген тобына арналған аудио және бейне туындыларда" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 321 - бапта :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"321-бап. Билік өкіліне не қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысушы адамға қатысты зорлық жасау" ;

бірінші бөлігі "оның жақындарына" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысушы немесе өзінің қоғамдық борышын атқаруына байланысты қоғамдық тәртіпті бұзудың жолын кесуші адамға" деген сөздермен толықтырылсын .

2. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109 құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; N 17-18, 72-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 2, 19, 20-құжаттар; N 3, 22-құжат; N 5-6, 31-құжат; N 8, 45-құжат; N 10, 52-құжат; N 11, 55-құжат; N 12, 72, 77-құжаттар; N 13, 85, 86-құжаттар; 2006 жылғы 14 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 14 шілдеде "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңы; 2006 жылғы 18 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 29 шілдеде "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тиісті тауар нарығында үстем жағдайға ие табиғи монополия субъектілері мен нарық субъектілерінің қызметін бақылау және реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңы; 2006 жылғы 14 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңы; 2006 жылғы 18 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 12 шілдеде "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан

Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңы):

1) 9-1-тараудың тақырыбы "қол сұғатын" деген сөздерден кейін "және отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 79-5-баппен толықтырылсын:

"79-5-бап. Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқыққа қарсы іс-әрекет

1. Былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй заттарына зақым келтіру немесе арамдау және құқық бұзушымен отбасы-тұрмыстық қарым-қатынастағы азаматтарға сыйламаушылық көрсететін тұрғын үй шегінде жасалған олардың тыныштығын бұзатын басқа да әрекеттер, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

айлық есептік көрсеткіштің бірден үшке дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

2. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған осы баптың бірінші тармағында көрсетілген әрекеттер, -

айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он тәуліктен он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

Ескерту: Отбасы-тұрмыстық қатынастарға:

бірге тұратын немесе тұрған;

некеде тұрған;

бұрынғы ерлі-зайыпты;

жақын туыс адамдар арасындағы қатынастар жатады.";

3) 541-баптың бірінші бөлігі "79-3, 79-4," деген сандардан кейін "79-5," деген сандармен толықтырылсын;

4) 636-баптың бірінші бөлігі 1) тармақшасының екінші абзацы "79-4," деген сандардан кейін "79-5," деген сандармен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті